Жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша білім беру ұйымдарында кәсіптік оқыту мемлекеттік тапсырысының қызметтеріне арналған шарт

Атырау қаласы №13 22 шілде 2026 жыл

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, "Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Атырау облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, оның атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры **Есқалиев Мереке Василийұлы**, бір жағынан және бұдан әрі өнім беруші ЖШС оқу орталығы «IQ group» бұдан әрі Ереженің негізінде оның атынан директор **Джумалиев Бекболат Бекмуратович**, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 3 3-тармақшасы, Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерінің шарттарын жасасу қағидалары (бұдан әрі қағидалар), Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі-Премьер-Министр орынбасарынын бұйрығымен бекітілген кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары 2023 жылғы 22 маусымда № 231 Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы осы мемлекеттік білім беру тапсырысы туралы шарт жасасты (бұдан әрі Келісім-шарт) және төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша қызмет (тер) корсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдауға және шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді: 068-101-159 ерекшелігі бойынша Басқа қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу («**Шаштараз**», **«Сатушы-кеңесші»** біліктілігі бойынша білім беру ұйымдарында кәсіптік оқыту бойынша қызметтер, **1 ай және 2 ай, 5 адам**).

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) Осы Шарт;
2) Қызмет көрсету шарттары (1-қосымша);
3) Техникалық ерекшелік (2-қосымша);

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және **710 000 (жеті жүз он мың) теңге** ҚҚС-мен құрайды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында шарт 068 «Жұмыспен қамту бағдарламасы» бюджеттік бағдарламасы бойынша, 101 кіші бағдарлама бойынша «Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау», 159 ерекшелігі бойынша «Басқа қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» 2026 жылға **710 000 (жеті жүз он мың) теңге** теңге ҚҚС-мен құрайды.

2.3 Көрсетілген қызметтер үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей өнім берушінің есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізеді.

Көрсетілетін қызметтердің сандық және құндық мәндегі көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған. Төлем алдындағы қажетті құжаттар:

1. Аумақтық қазынашылық органында тіркелген шарт;
2. Көрсетілетін қызметтер;
3. Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасы, жалпы сомасы көрсетілген шот-фактура.

3. Тараптардың міндеттемелері

Өнім беруші міндеттеледі:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

6) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттеледі.

7) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 22-5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтердегі жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

8) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондык нысанда шот-фактура жазуға.

9) Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысында Өнім беруші қызмет көрсету кезінде жұмыссыздарды кәсіптік оқыту барысында білім беру ұйымдарында интернет желісімен қамтылған бейнебақылау камерасымен қамтамсыз етуі міндеттеледі.

10) "Атырау облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы" КММ-і қызметкерін бейнебақылауға қашықтықта интернет желісмен қосылуын қамтамасыз ету қажет.

Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді талап етуге құқылы;

2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген қызметтерді мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

Тапсырыс беруші міндеттеледі:

1) қызметтер көрсету үшін Өнім беруші мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті;

2) көрсетілген қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада өнім берушіні жазбаша хабардар етуге міндетті;

3-1) көрсетілген қызметтер актісі бекітілгеннен кейін Өнім беруші электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жазып берген шот-фактураны қабылдауға міндетті;

3-2) өнім берушіден алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген қызметтер актісіне электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоюға не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметтерді қабылдаудан бас тартуға құқылы;

4) Егер шарт талаптарында өзгеше көзделмесе, көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде өнім берушінің банктік шотына ақшаны аудару арқылы қолма-қол ақшасыз төлеммен төлем жүргізуге құқығы бар.

Тапсырыс беруші құқылы:

1) көрсетілген қызметтердің сапасын тексеру;

2) қызметтерді мерзімінен бұрын көрсеткен жағдайда Тапсырыс беруші қызметтерді мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы.

Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда жол беріледі.

3) Техникалық ерекшеліктің сәйкестігіне тексеру;

4. Қызмет көрсету

4.1. Өнім берушінің қызметтер көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсырған жағдайда қызмет көрсетілген болып саналады.

5. Кепілдік

5.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге кепілдік береді.

5.2. Өнім беруші қателерді, кемшіліктерді және басқа да сәйкессіздіктерді өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

5.3. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті, одан кейін Өнім беруші Тапсырыс беруші хабарламада айқындаған мерзімде осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, кемшіліктерді өз есебінен жою жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

5.4. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шараларды уақтылы қабылдамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушінің есебінен және Тапсырыс берушінің өнім берушіге қатысты шарт бойынша иелене алатын басқа құқықтарына қандай да бір залалсыз қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолдана алады.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

6.3. Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

6.4. Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жакты тәртіпте осы шартты бузуға құқылы.

6.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

6.6. Жасалған шартқа өзгерістер тараптардың келісімі бойынша Тапсырыс берушінің бекітілген бюджеті шегінде, оның ішінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен білім беру қызметтерімен қамтамасыз етілетін білім алушылардың саны өзгерген кезде енгізіледі.

6.7. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

6.8. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз өнім берушінің осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да беруіне жол берілмейді.

6.9. Қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынады. Қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды. Қызмет көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін көрсетілетін қызметтің шекті көлемі жиынтықта көрсетілетін қызмет көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін мемлекеттік сатып алу мәні болып табылатын қызмет көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының мүгедектер қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасының мүгедектер қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға көрсетілетін қызметтерге өткізілетін мемлекеттік сатып алу мәні болып табылатын қызмет көрсету бойынша қосалқы мердігерлер тартуға жол берілмейді.

7. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

7.1. Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2026 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

7.2. Келесі оқиғалар олардың көбеюі бөлігінде кызмет көрсету ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне алып келеді:

1) Тапсырыс беруші объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, бұл өз кезегінде қызмет көрсетуді кідіртуге әкеп соғады;

2) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта жоспарланбаған сынақтар жүргізу үшін қызметтер көрсетуді тоқтатуды нұсқау берсе, тоқтатыла тұрады.

Бұл ретте, егер осы сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату уақыты қызмет көрсету мерзіміне қосылады;

7.3. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта біржақты тәртіппен Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту зиян келтірмесе немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе кейіннен қойылатын іс-әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

7.4. Шартты бұзуға Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 402-бабында көзделген тәртіппен жол беріледі.

7.5 Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Өнім беруші шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірмей, Тапсырыс беруші 6.4-тармақтың талаптарын ескере отырып. өнім берушіге міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады:

1) Егер өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде қызмет көрсете алмаса;

2) Егер өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса.

7.6. Шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін:

1) Осы Шарт жасалуына негіз болған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылғаны анықталған жағдайларда тоқтатылады;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы өнім берушіге Заңда көзделмеген.

8. Хабарлама

8.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

8.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

9. Форс-мажор

9.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

9.2 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

9.3 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

10. Даулы мәселелерді шешу

10.1. Тапсырыс беруші мен өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін салуға тиіс.

10.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

11. Басқа да мән жайлар

11.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының Салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

11.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар шарт жасасу нысанында жасалады.

11.3. Өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгермеуі шартымен мемлекеттік білім беру тапсырысы туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі:

1) көрсетілетін қызметтерге бағаны және тиісінше шарт сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) Шартта көрсетілген қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында көрсетілетін қызметтер көлеміне қажеттілікті азайтумен не арттырумен байланысты шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

3) Егер өнім беруші онымен жасалған шартты орындау процесінде көрсетілетін қызмет бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасалған шарттың мәні болып табылатын көрсетілетін қызметтің анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда;

4) жасалған шарт сомасының өзгермеуі талабымен мемлекеттік бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген немесе қызметтердің сметалық құны азайған жағдайда және кейіннен мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға (бар болса) тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда Шарттың орындалу мерзімдерін өзгерту бөлігінде өзгерістер енгізуге құқығы бар.

11.4. Шарт бойынша. Тараптардың бірінің міндеттерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

11.5. Шарт Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған, бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

11.6. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12. Реквизиттер

«Тапсырыс беруші»	«Өнім беруші»
"Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Атырау облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 65А БСН/ЖСН 230640023215 БИК KZ63070102KSN1501000 БСК KKMFKZ2A "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" РММ _____ **М.Есқалиев**	«IQ GROUP» ЖШС Атырау облысы, Атырау қаласы, Балықшы ж.м, Айнаш Байжігітова көшесі, 31Б БСН/ЖСН 150640015594 БИК HSBKKZKX КБЕ 17 ИИК KZ32601A141000439061 «Халық Банк Қазақстан» АҚ Тел.: 87019590505, 87122756955 _____ **Б.Джумалиев**

2 қосымша

Қызметтердің техникалық сипаттамасы
білім беру ұйымдарында кәсіптік оқыту

Біліктілігі «Шаштараз» - 1 ай, 2 адам;
«Сатушы-кеңесші» - 2 ай, 3 адам.

Бөлінген сома **710 000 (жеті жүз он мың)** теңге. Өңірлік комиссия белгілеген жұмыссыздарды кәсіптік оқыту құнына білім беру процесінің барлық оқу шығыстары кіреді және кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі-Премьер-Министр орынбасарының бұйрығымен бекітілген кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары 2023 жылғы 22 маусымда № 231 бұйрығы) (бұдан әрі-қағидалар) сәйкес өндірістік оқыту шеберлерінің еңбегіне ақы төлеуді көздейді.

Қызметтерді көрсету жоғарыда көрсетілген қағидаларға сәйкес болуы тиіс.

Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқыту (бұдан әрі - Оқыту):

1) тәлімгерлікпен дуальды оқыту элементтерін пайдаланған;

2) оқуды аяқтаған және біліктілік емтиханын тапсырған адамдарға белгіленген үлгідегі куәлік немесе сертификат бере отырып, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды өткізу бойынша кемінде 6 (алты) ай тәжірибесінің болған не техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша білім беру қызметіне лицензиясы болған (кәсіпорындар немесе салалық қауымдастықтар жанындағы оқу орталықтары үшін қысқа мерзімді кәсіптік оқыту жүргізу тәжірибесі талап етілмейді);

3) оқудан өткен адамдардың жұмысқа орналасу деңгейі (Тізілімге қосуға өтінім берген сәтте) кемінде 60 %-ды құраған;

4) өндірісте кемінде бір жыл кәсіптік практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылары болған;

5) материалдық-техникалық базасы болған;

6) ӨКП және жұмыс берушілермен келісілген қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламалары болған кезде Тізілімге қосылады және оқу ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымы № 125 бұйрыққа сәйкес жұмыссыздарға қорытынды аттестаттау өткізеді.

Кәсіптік оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттау тапсырған адамдарға білім беру ұйымы № 385 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша сертификат

1 қосымша
Мемлекеттік сатып алу Веб порталы арқылы
мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметі шартына

2026 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерінің шарттарын жасасу жоспары

Тапсырыс берушінің атауы **"Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Атырау облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Тапсырыс берушінің
БСН 230640023215

№	Мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты сатып алынатын қызметтердің атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Оқу мерзімі, ай	Бірлік үшін бағасы, теңге	Бекітілген сома, теңге	Жоспарланған мерзім (ай)	Қызмет көрсету мерзімі	ӘАОЖ	Қызмет көрсету орны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқыту	Сатушы кеңесшісі 3 адам	Қызмет	2	90 000	540 000	Шілде-қыркүйек	31 желтоқсан 2026 жыл		Атырау облысы, Атырау қаласы, Балықшы ж.м, Айнаш Байжігітова көшесі, 31Б
2		Шаштараз 2 адам		1	85 000	170 000				
					Барлығы	**710 000**				